

**«Бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 670 бұйрығы**  
*(2019.16.08. берілген өзгерістермен)*

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [20-бабының 11-12\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу [қағидалары](#) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**  
**Инвестициялар және даму министрі**

**Ж. Қасымбек**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Атамқұлов

2018 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 24 қыркүйектегі  
№ 670 [бұйрығымен](#)  
бекітілген

## **«Бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) [20-бабының 11-12\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді және құрылыс жобаларына «бір терезе» қағидаты» бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыруға арналған порталды және ақпараттық жүйені жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйеге қызмет көрсету бойынша жоспардан тыс іс-шаралар - ақпараттық жүйенің күрделілік осалдығын жою мақсатында не істен шыққан жабдықты ауыстыруға байланысты бағдарламалық камтамасыз етуді күрделі жаңартуларды орнатуға байланысты техникалық және профилактикалық жұмыстар;

2) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ВКС АЖ) - электрондық өтінімді қарауға байланысты рәсімдер мен операцияларды автоматтандыруды іске асыратын порталмен біріктірілген ақпараттық жүйе;

3) ВКС АЖ операторы - ВКС АЖ-ны жүргізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) ВКС АЖ-ді пайдаланушы - ВКС АЖ-да тіркелген және келіп түсетін электрондық өтінімді қарауға байланысты рәсімдер мен операцияларды автоматтандырып орындау үшін оның ресурстары мен компоненттерін пайдаланатын сараптама ұйымы;

5) жеке кабинет - порталға қатысушылардың мекенжайына электрондық өтінім жіберуге арналған портал компоненті;

6) интернет-ресурс - аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін, мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс;

7) құжаттың электрондық көшірмесі - түпнұсқа құжаттың түрін және ондағы ақпаратты (деректерді) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

8) портал - порталды пайдаланушылардың порталға қатысушылармен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы үшін «бір терезе» қағидаты бойынша бірыңғай платформа ұсынатын ақпараттық жүйе;

9) портал операторы - [Заңға](#) сәйкес порталды жүргізу функциясы берілген заңды тұлға;

10) порталға қатысушы - порталға тіркелген және электрондық өтінімді қабылдауды ұйымдастыру үшін оның ресурстары мен компоненттерін пайдаланатын сараптама ұйымы;

11) порталды пайдаланушы - электрондық өтінім дайындау және беру үшін порталда орналасқан компоненттерді пайдаланатын порталға тіркелген жеке немесе заңды тұлға;

12) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - Ведомство) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзырет шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның ведомствосы;

13) техникалық және профилактикалық жұмыстар - есептеу техникасы құралдарын және телекоммуникациялық жабдықты жұмысқа қабілетті жағдайда ұстау жөніндегі, оның ішінде техниканың және (немесе) жабдықтың жұмыс істемей қалуын және оның

уақытынан бұрын тозуын болдырмау мақсатында профилактиканы, ақауларды жоюды, жекелеген бөліктер мен блоктарды ауыстыруды, жабдықтың қуатын ұлғайту үшін жабдықтарды, қосымша қондырғылар мен жадыларды орнатуды және баптауды және пайдаланушыларға көмек көрсетуді қамтитын іс-шаралар кешені;

14) техникалық істен шығу - бір немесе бірнеше пайдаланушылардың ақпараттық жүйені пайдалану мүмкіндігін болдырмауға әкеліп соғатын ақпараттық жүйенің аппараттық-бағдарламалық кешенінің немесе оның жекелеген компоненттерінің бірінің жоспарланбаған уақытша істен шығуы;

15) электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған құжат;

16) электрондық өтінім - порталға қатысушының қарауына өтініш беруші электрондық-цифрлық нысанда беретін және ЭЦҚ арқылы куәландырылған ақпараттың ресімделген және құрылымдалған жиынтығы;

17) Secure Sockets Layer сертификаты (бұдан әрі - SSL-сертификат) - сәйкестендіру ресімдерін қамтамасыз ету үшін интернет-ресурсты немесе ақпараттық жүйені пайдалануға арналған тіркеу куәлігі;

18) Virtual Private Network (бұдан әрі - VPN) - екі тораптың ақпаратын алмастыруға арналған виртуалды жеке желі.

Осы Қағидаларда қолданылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

3. Порталда және ВКС АЖ-де Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығы жеке және заңды тұлғалар үшін жасап шығарған ЭЦҚ сертификаттары қолданылады.

4. Портал және ВКС АЖ мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерге жатпайды, оларды қорғау құпиялылық режим талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді мемлекеттік шифрлау құралдарын және (немесе) өзге қорғау құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Құрылыс жобаларына «бір терезе» қағидаты» бойынша ведомстводан тыс кешенді**

### **сараптама жүргізуді ұйымдастыруға арналған порталды жүргізу тәртібі**

5. Құрылыс жобаларына «бір терезе» қағидаты» бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыруға арналған порталды жүргізу Заңның [64-4-бабының 2-тармағына](#) сәйкес мемлекеттік сараптамалық ұйымының технологиялық байланысты қызметке жатады.

6. Ақпараттық іс-қимылды ұйымдастыру үшін портал:

1) портал пайдаланушыларының электрондық өтінімдерін қабылдау, тіркеу және жіберуді;

2) электрондық өтінімдерді қарау процесінде портал пайдаланушыларына мәліметтер мен электрондық құжаттарды ұсынуды;

3) портал пайдаланушыларына электрондық өтінімдерді қарау нәтижелерін беру, сондай-ақ оларды одан әрі сақтауды;

4) келіп түскен электрондық өтінімдер бойынша интеграцияланған интернет-ресурстармен және ақпараттық жүйелермен ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

7. Құрылыс жобаларына «бір терезе» қағидаты бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыруға арналған портал операторы мынадай іс-шараларды орындайды:

1) порталға техникалық қызмет көрсетуді, сүйемелдеуді және дамытуды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына және осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес порталдың жұмыс істеуін және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) портал пайдаланушыларын және порталға қатысушыларды тіркейді;

4) портал пайдаланушылармен және порталға қатысушылармен порталды пайдалану тәртібі туралы келісім жасайды;

5) портал пайдаланушыларына және порталға қатысушыларға олармен жасалған порталды пайдалану тәртібі туралы келісімдерге сәйкес техникалық қолдау көрсетеді;

6) сауалнама, өтінімдер нысандарын, порталды пайдалану тәртібі туралы келісімдерді, порталмен интеграциялауға арналған келісімдерді, порталмен жұмыс бойынша нұсқаулықтарды, сондай-ақ порталға орналастырылатын тіркеу нысанын әзірлейді және бекітеді;

7) порталды интернет-ресурстармен және ақпараттық жүйелермен интеграциялауды жүзеге асырады;

8) ВКС АЖ-ны порталмен интеграцияларды іске асыру үшін порталда техникалық талаптарды қалыптастырады және жариялайды;

9) порталда ақпараттық-анықтамалық материалдарды жариялайды.

### **1-параграф. Порталды пайдаланушыны тіркеу**

8. Порталды пайдаланушы тіркелу үшін мынадай іс-қимыл орындайды:

1) порталда орналасқан тіркеу нысанын:

заңды тұлға үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, салықтар және өзге де міндетті төлемдер туралы заңнамада көзделген, сондай-ақ банктік деректемелерді растайтын құжаттардың көшірмелерін;

жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ банктік деректемелерді (болған кезде) растайтын құжаттар көшірмелерін қоса бере отырып толтырады;

2) ЭЦҚ-ны пайдаланып порталды пайдалану тәртібі туралы келісімге қол қояды.

Портал операторы пайдаланушы құжаттарды ұсынған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде пайдаланушыны тіркеуді растайды не болмаса тіркеуден бас тартады.

9. Пайдаланушыны тіркеуден бас тарту үшін жүгінген пайдаланушының порталға бұрын тіркелген пайдаланушылар тізімінде болуы және тіркеу нысанында дұрыс емес мәліметтерді не ұсынылған құжаттарға сәйкес келмейтін ақпаратты көрсетуі негіз болады.

10. Электрондық өтінімдерді беру үшін портал операторы портал пайдаланушысына жеке кабинетті және порталмен жұмыс істеу бойынша нұсқаулықты ұсынады.

### **2-параграф. Порталға қатысушыны тіркеу**

11. Сараптама ұйымы электрондық өтінімді портал арқылы қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін порталға қатысушы ретінде тіркеу рәсімінен өтеді.

ВКС АЖ-нің біреуінің пайдаланушысы болып табылатын сараптама ұйымы порталға қатысушы ретінде тіркеле алады.

12. Аккредиттелген сараптама ұйымы порталға қатысушы ретінде тіркелу үшін портал операторымен порталды пайдалану тәртібі туралы келісім жасайды.

Порталды пайдалану тәртібі туралы келісім жасасу үшін аккредиттелген сараптама ұйымы портал операторына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 151 бұйрығымен бекітілген Сараптама ұйымдарын аккредиттеу [қағидаларына](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10640

нөмірімен тіркелген) сәйкес берілген аккредиттеу туралы куәлікті, тіркеу үшін - порталда орналастырылған нысан бойынша толтырылған сауалнаманы ұсынады.

Аккредиттелген сараптама ұйымын тіркеуді портал операторы сауалнаманы ұсынған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде оны кейін порталда орналастырылған аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізіміне енгізіп жүргізеді.

13. Порталда орналасқан аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізімінен аккредиттелген сараптама ұйымын алып тастау және оны кейін порталда бұғаттау үшін мыналар негіз болып табылады:

1) аккредиттеу туралы куәлікті растауды оны қолдану мерзімі өтіп кеткенге дейін ұсынбау;

2) аккредиттеу туралы куәлігін тоқтату және (немесе) алып қою (қайтарып алу);

3) аккредиттелген сараптама ұйымының порталды пайдалану тәртібі туралы жасалған келісімнің шарттарын бұзуы;

4) портал операторымен жасалған келісімді бұзу.

14. Бұрын шығарылған аккредиттелген сараптама ұйымын бұғаттан шығару және порталда орналасқан аккредиттелген сараптама ұйымдарының тізіміне қайта енгізу осы Қағидалардың [12-тармағында](#) белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

15. Аккредиттелген сараптама ұйымы тіркелген сәттен бастап портал операторына компоненттері мен техникалық ресурстарын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ Ведомствоның келісімі бойынша портал операторы бекіткен баға бойынша техникалық қолдау жөніндегі қызметтер көлемін портал операторы көрсеткені үшін жүргізіледі.

### **3-параграф. Портал пайдаланушыларының электрондық өтінімдерін қабылдау, тіркеу және жіберу**

16. Электрондық өтінімді қабылдау және тіркеу портал пайдаланушысы өтінім бойынша қажетті мәліметтерді және тиісті электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттардың электрондық көшірмелерін жүктегеннен кейін порталда жеке кабинет арқылы жүзеге асырылады.

Порталға электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттардың электрондық көшірмелерін жүктеу портал операторы белгілеген өлшемнен артық болса, бөлікке бөлініп жүргізіледі.

17. Порталға жүктелген электрондық құжаттар және (немесе) құжаттардың электрондық көшірмелері портал пайдаланушысының немесе аталған құжатты куәландыруға өкілеттітері бар адамның ЭЦҚ куәландыруға жатады.

*ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019.16.08. № 648 бұйрығымен 18-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

18. Ұсыну кезінде электрондық өтінімді, сондай-ақ тиісті электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттардың электрондық көшірмелерін тіркеуді портал автоматты түрде Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша, мынадай тәртіпте жүргізеді:

1) Нұр-Сұлтан уақыты бойынша жұмыс күні 0:00 сағаттан 13:59 сағатқа дейін келіп түскендер аталған жұмыс күнінде тіркеледі;

2) Нұр-Сұлтан уақыты бойынша жұмыс күні 14:00 сағаттан 23:59 сағатқа дейін келіп түскендер келесі жұмыс күнінде тіркеледі;

3) жұмыс істемейтін күні келіп түскендер сол күннен кейінгі жұмыс күнінде тіркеледі.

Портал пайдаланушысы портал қатысушысының мекенжайына оның электрондық өтінімдерін қарау барысында ұсынатын электрондық құжаттарын және (немесе) құжаттардың электрондық көшірмелерін тіркеу аталған құжаттарды порталда ЭЦҚ-мен куәландырылатын нақты уақыт бойынша Нұр-Сұлтан қаласы уақытымен жүргізіледі. Жұмыс істемейтін күні түскен кезде аталған құжаттар одан кейінгі жұмыс күнінде тіркеледі.

Электрондық өтінімге портал операторы белгілеген шаблон бойынша Порталдың әрбір қатысушысы үшін жеке тіркеу нөмірі беріледі.

19. Портал пайдаланушысы электрондық өтінім бойынша мәліметтер ұсыну арқылы электрондық өтінім қарауға жіберілген мекенжайдағы порталға қатысушыны айқындайды.

20. Портал тіркелген электрондық өтінімді және тиісті электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттардың электрондық көшірмелерін пайдаланатын ВКС АЖ-ның өзара іс-қимылы арқылы порталға қатысушыға автоматты түрде жібереді.

21. Ұсынылған электрондық өтінімді қараудың барысы туралы мәліметтерді, сондай-ақ портал пайдаланушысы ЭЦҚ пайдаланып қол қоюы талап етілетін электрондық құжаттарды порталға қатысушы өзі пайдаланатын ВКС АЖ-дан портал пайдаланушысының порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

22. Порталда орналасқан және ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжаттар мен құжаттардың электрондық көшірмелері оларды порталда сақтау мерзімі ішінде жоюға, өзгертуге немесе ауыстыруға жатпайды.

23. Электрондық өтінімдер бойынша ақпарат, оның ішінде портал пайдаланушылары порталға ұсынған, сондай-ақ интеграцияланған ВКС АЖ-дан келіп түскен тиісті электрондық құжаттар және құжаттардың электрондық көшірмелері порталда тіркелген күнінен бастап порталда 3 жыл ішінде сақталады.

#### **4-параграф. Интернет-ресурстарды және ақпараттық жүйелерді порталмен интеграциялау**

24. Интернет-ресурстардың және ақпараттық жүйелердің, оның ішінде ВКС АЖ-ның порталмен өзара іс-қимылы олардың өзара интеграциялануы арқылы жүзеге асырылады.

Порталмен интеграцияланатын интернет-ресурстарға және ақпараттық жүйелерге Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы [заңнамасының](#) және осы Қағидалардың талаптары қойылады.

Порталмен интеграциялау үшін ВКС АЖ порталда жарияланған тиісті техникалық талаптар ескеріле отырып әзірленеді.

25. Интернет-ресурстарды және ақпараттық жүйелерді, оның ішінде ВКС АЖ-ды порталмен интеграциялау үшін мынадай іс-шаралар орындалады:

1) интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі портал операторына порталмен интеграциялау мүмкіндігін қарау үшін сұрау салады;

2) портал операторы осы Қағидалардың [24-тармағында](#) көрсетілген талаптарды ескере отырып, интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйені порталмен интеграциялау мүмкіндігіне талдау жүргізеді және интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесіне ұсынымдар береді;

3) оң ұсыным алған жағдайда интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі порталмен интеграциялауға рұқсат алу үшін Ведомствоға жүгінеді;

4) интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі портал операторы мекенжайына порталда орналасқан нысан бойынша толтырылған интеграциялауға арналған өтінімді мыналарды қоса бере отырып жібереді:

Ведомство берген интеграциялауға арналған рұқсат;

порталмен интеграциялауға арналған келісімнің жобасы;

Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығы берген (тапсыру актісімен) SSL сертификаты (интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйенің ашық кілті);

порталда орналасқан нысан бойынша VPN-туннелін құру үшін VPN-нысандары (тестілік немесе өнеркәсіптік орта көрсетіледі);

ақпараттық жүйені өнеркәсіптік пайдалануға қабылдау туралы акт;

ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтардың оң нәтижелері бар акт;

техникалық құжаттама сараптамасы және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік аттестаты;

5) интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі мен портал операторы интеграциялау бойынша тестілеуді жүргізуге қажет өзгерістерді тиісінше интернет-ресурсқа немесе ақпараттық жүйеге және порталға енгізеді;

6) интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі портал операторымен бірлесіп келісілген мерзімде интеграциялауға тестілеу жүргізеді;

7) интернет-ресурсты және (немесе) ақпараттық жүйе порталмен сәтті тестіленген жағдайда интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі мен портал операторы арасында интеграциялауды сәтті тестілеу туралы акт жасалады;

8) Ведомство, ақпараттық жүйе иесі және портал операторы интеграцияны қолдану мерзімдерін көрсете отырып, порталмен интеграциялауға арналған келісімге, интеграциялауды қолданысқа енгізу актісіне қол қойғаннан кейін интеграциялау бекітілген болып есептеледі.

26. Өзара іс-қимыл шарттарын сәтті орындау және өзара іс-қимыл жасасқан қатысушылардың өздері деректерді өңдеуі интеграциялауға қатысушылар (интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі және портал операторы) тарапынан интеграциялаудың сәтті жүзеге асырылғанын растайды.

ВКС АЖ порталмен интеграциялауды сәтті іске асырған сәттен бастап оның иесі Ведомствоға Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының сақталуы ВКС АЖ пайдаланушылары іс-қимылын Заңды сақтау мәніне бақылау және мониторингті жүзеге асыру мақсатында ВКС АЖ-ға кіруге құқықты береді.

27. Интеграцияланған интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе деректерді Порталға берген кезде олардың ақпараттық өзара іс-қимылы процесінде қателер анықталған жағдайда портал операторы интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесінің электрондық поштасына хабарлама жібереді және олар бір ай ішінде тиісті түзету іс-шараларын жүргізбеген жағдайда ақпараттық өзара іс-қимылды тоқтатады.

Интеграцияланған интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе порталға деректер берген кезде олардың ақпараттық өзара іс-қимылы процесінде ақпараттық қауіпсіздік инциденттері анықталған жағдайда портал операторы интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесінің электрондық поштасына хабарлама жібереді осы интернет-ресурспен және (немесе) ақпараттық жүйемен ақпараттық өзара іс-қимылды олар толық жойылған сәтке дейін дереу тоқтатады және тиісті жүйе иесінің электрондық поштасына хабарлама жібереді.

Интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің порталмен ақпараттық өзара іс-қимылын қайта бастауды портал операторы осы интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесінен түзету іс-шараларын сәтті жүргізгені және (немесе) ақпараттық қауіпсіздік инцидентін толық жойғаны туралы хабарлама алғаннан кейін жүргізеді.

28. Байланыс арналары істен шыққан немесе байланыс операторлары байланыс желілерінде жұмыс жүргізген жағдайда байланысты қалпына келтіру мерзімі байланыс операторларының регламентімен айқындалады.

29. Интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесі мен портал операторы ақпараттық қауіпсіздік пен бағдарламалық және техникалық құралдардың тұрақты дайындығын қамтамасыз ететін жауапты тұлғаны айқындайды.

30. Жауапты тұлғалардың құрамы өзгерген (жұмысы ауысқан немесе еңбек шарты тоқтаған) жағдайда бар апталық мерзімде бар өзгерістер туралы өзара ақпарат алмасады және осы Қағидалардың ережелерін уақытылы орындау бойынша жауапты тұлғалар туралы жаңа мәлімет хабарланады.

31. Интеграциялау кезінде ақпаратты қорғау қол қойылған хабарламаның авторын растау арқылы қамтамасыз етіледі. Хабарлама жіберушінің ЭЦҚ-ның тиесілігін және осы

ЭЦҚ-ның жарамдылығын тексерудің оң нәтижесі хабарламаның авторын растау болып табылады.

### **3-тарау. «Бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыруға арналған ақпараттық жүйені жүргізу тәртібі**

32. ВКС АЖ электрондық өтінімді қарауға байланысты рәсімдер мен операцияларды автоматтандыру мақсатында:

1) объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған тіркелген электрондық өтінімді тиісті электрондық құжаттармен және (немесе) құжаттардың электрондық көшірмелерімен бірге қабылдауды және сақтауды;

2) тіркелген электрондық өтінімдері, ЭЦҚ пайдалана отырып портал пайдаланушысын куәландыру үшін электрондық құжаттардың жобаларын қарау туралы мәліметтерді, сондай-ақ тіркелген электрондық өтінімдері және тиісті электрондық құжаттарды қараудың нәтижелерін порталға беруді;

3) интеграцияланған интернет-ресурстармен және ақпараттық жүйелермен, сондай-ақ тіркелген электрондық өтінімдер бойынша порталмен ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

33. ВКС АЖ операторын, оның операторы мемлекеттік сараптама ұйымы болып табылатын мемлекеттік сараптама ұйымының ВКС АЖ-ны қоспағанда, оның иесі белгілейді.

34. «Бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін ВКС АЖ операторы мынадай іс-шараларды орындайды:

1) техникалық қызмет көрсетеді, ВКС АЖ-ны сүйемелдейді және дамытуды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы [заңнамасына](#) және осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес ВКС АЖ-ның жұмысын және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) ВКС АЖ-ны пайдаланушыларды тіркейді;

4) ВКС АЖ-ны пайдаланушылармен ВКС АЖ-ны пайдалану тәртібі туралы келісімді жасайды;

5) ВКС АЖ-да орналасқан сауалнамалардың нысандарын, ВКС АЖ-ны пайдалану тәртібі туралы келісімдерді, нұсқаулықтар мен журналдарды әзірлейді және бекітеді;

6) ВКС АЖ-ны пайдаланушыларға олармен жасалған келісімдер талаптарына сәйкес техникалық қолдау көрсетеді;

7) ВКС АЖ-ны интернет-ресурстармен және ақпараттық жүйелермен интеграциялауды жүзеге асырады;

8) ақпараттық-анықтамалық материалдарды ВКС АЖ-да жариялайды;

9) Ведомствоға Заңды сақтау мәні бойынша ВКС АЖ пайдаланушылары әрекетіне бақылау және мониторингті жүзеге асыру мақсатында ВКС АЖ-ға кіруге құқықты береді.

#### **1-параграф. ВКС АЖ-ны пайдаланушыны тіркеу**

35. Сараптама ұйымы электрондық өтінімдері қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін порталмен интеграцияланған ВКС АЖ-ның біреуінде тіркеу рәсімінен өтеді.

36. Сараптама ұйымын ВКС АЖ-ны пайдаланушы ретінде тіркеу аккредиттелген сараптама ұйымы оның операторымен ВКС АЖ-ны пайдалану тәртібі туралы келісімді бекіткен сәттен 3 жұмыс күні ішінде ВКС АЖ операторымен жүргізіледі.



Тіркеу үшін сараптама ұйымы ВКС АЖ-да орналасқан нысан бойынша толтырылған сауалнаманы ВКС АЖ операторына ұсынады.

Осы тармақтың талаптары ВКС АЖ-ның операторы болып табылатын сараптама ұйымына қолданылмайды.

37. ВКС АЖ операторы сараптама ұйымының ВКС АЖ-ға кіруін мынадай жағдайларда тоқтатады:

1) аккредиттеу туралы куәлікті растауды оны қолдану мерзімі өтіп кеткенге дейін ұсынбауы;

2) аккредиттеу туралы куәлігі тоқтатылғанда және (немесе) айырғанда (шақыртып алынғанда);

3) аккредиттелген сараптама ұйымы ВКС АЖ операторымен жасасқан келісімнің талаптарын бұзғанда;

4) ВКС АЖ операторымен жасасқан келісімді бұзғанда немесе қолданылу мерзімі өтіп кеткенде.

38. ВКС АЖ-ны пайдаланушы ретінде тіркеген сәттен бастап, сараптама ұйымы ВКС АЖ операторы бекіткен бағалар бойынша компоненттер мен техникалық ресурстарды пайдаланғаны үшін, сондай-ақ ВКС АЖ операторы техникалық қолдау бойынша көрсететін қызметтер көлемі үшін ВКС АЖ операторына төлем жүргізеді.

## **2-параграф. ВКС АЖ-да ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған электрондық өтінімді қабылдау және өндеу**

39. Ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған электрондық өтінімді карау тәртібін сақтау үшін ВКС АЖ:

1) жинақтылықты тексеру мерзімін, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнаманың талаптарына сәйкес ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу мерзімін (оның ішінде ескертулер беру және ескертулерді жою, ведомстводан тыс кешенді сараптаманың жиынтық қорытындысын беру күні) Заңның талаптарына сәйкес автоматты есептеуді;

2) электрондық құжаттарды қалыптастыру, оларды ЭЦҚ-ны пайдалана отырып және тіркеу нөмірі мен күнін беру арқылы кейін ВКС АЖ-да электрондық құжаттар деректерін автоматты тіркеуді қамтамасыз етеді.

40. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10722 болып тіркелген) Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларында белгіленген жинақтылығын тексеру мерзімі өтіп кеткен және жинақтылығы бойынша ескертулер болмаған кезде ВКС АЖ тексерудің оң нәтижесін автоматты түрде береді.

ВКС АЖ жинақтылықты тексеру мерзімі өтіп кеткеннен кейін жинақтылықты тексерудің белгіленген нәтижесін өзгертуді бұғаттайды.

*ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019.16.08. № 648 бұйрығымен 41-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

41. Электрондық құжаттарды ВКС АЖ-да тіркеу уақыты және күні ВКС АЖ пайдаланушы қызметкерлердің ЭЦҚ-мен куәландырумен нақты уақыт бойынша, Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жүргізіледі.

42. Портал пайдаланушысы келісетін құжаттар порталға ВКС АЖ электрондық-цифрлық нысанда беріледі.

ВКС АЖ беру кезінде порталға ВКС АЖ пайдаланушы қызметкерлерінің аталған құжаттарды куәландыратын ЭЦҚ бойынша деректер жібереді.

43. Жоба бойынша ескертулер ВКС АЖ-ға бір рет беріледі. ВКС АЖ-да порталға қосымша ескертулер жасауға және жіберуге, сондай-ақ ескертулер мерзімі өтіп кеткеннен кейін порталға ескертулер жасауға және жіберуге жол берілмейді.

44. ВКС АЖ-ны пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен, оның аумақтық құрылымдарымен, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органдармен олар пайдаланатын ВКС АЖ арқылы ғана өзара іс-қимыл жасай алады.

45. ВКС АЖ-ны пайдаланушылар қалыптастырған портал пайдаланушысына жіберуге жататын электрондық құжаттар оларды ЭЦҚ-мен куәландырғаннан кейін автоматты түрде порталға пайдаланушының жеке кабинетіне жіберіледі.

Ведомстводан тыс кешенді сараптаманың қорытындысы порталға ВКС АЖ портал пайдаланушысы ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу үшін жасалған шарт талаптарын орындағаннан кейін жіберіледі.

46. ВКС АЖ-ны пайдаланушы шешімі бойынша өзгертілген және (немесе) толықтырылған электронды құжаттар нұсқалары порталдың тиісті пайдаланушысына алдын ала хабарлағаннан кейін және аталған электронды құжаттардың алдыңғы нұсқаларының күшін жою бойынша барлық іс-қимылдар, ВКС АЖ пайдаланушының уәкілетті қызметкерлерінің ЭЦҚ-сы ВКС АЖ-да куәландырылғаннан кейін порталға портал пайдаланушысының жеке кабинетіне жіберіледі.

Алынған хабарламаға жауап ретінде портал пайдаланушысы бұған дейін ұсынылған электронды құжаттардың және (немесе) ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электронды көшірмелерінің жаңа нұсқаларын жолдайды.

### **3-параграф. Интернет-ресурстардың және ақпараттық жүйелердің ВКС АЖ-мен интеграциялануы**

47. ВКС АЖ-мен интеграциялау үшін интернет-ресурстар мен ақпараттық жүйелер Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

48. Интернет-ресурстардың және ақпараттық жүйелердің ВКС АЖ-мен интеграциялануы үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің иесі ВКС АЖ операторына ВКС АЖ-мен интеграциялауға арналған өтінімді оның операторы бекіткен нысан бойынша жібереді;

2) интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің иесі ВКС АЖ операторымен бірге ВКС АЖ-мен интеграциялауға арналған техникалық құжат әзірлейді. Техникалық құжатты өзара іс-қимыл қатысушылары (интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің иесі және ВКС АЖ операторы) келіседі және бекітеді;

3) қажет болған кезде, интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің иесі және ВКС АЖ операторы бекітілген техникалық құжатқа сәйкес интернет-ресурсқа немесе ақпараттық жүйеге, сондай-ақ ВКС АЖ-ға өзара іс-қимыл қатысушыларымен келісілген талап етілетін өзгерістерді енгізеді;

4) интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің иесі ВКС АЖ операторына ВКС АЖ операторы белгілеген нысан бойынша тестілік режимде сынақ өткізуге арналған өтінім береді;

5) интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің иесі және ВКС АЖ операторы ақпараттық жүйелерді интеграциялауға тестілеу жүргізеді. Ақпараттық жүйелер сәтті интеграцияланған жағдайда интеграциялау сәтті тестіленгені туралы құжат (хаттама) жасалады;

б) интеграциялау сәтті тестіленген кезде интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің иесі және ВКС АЖ операторы бірлескен шешім (хаттама, акт) негізінде өзара іс-қимылды пайдалануға береді.

49. Интергацияланған интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде ВКС АЖ-ға деректерді беруі кезінде қателіктер және (немесе) ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары анықталған жағдайда ВКС АЖ операторы осы интернет-ресурспен және (немесе) ақпараттық жүйемен ақпараттық өзара іс-қимылды олар толық жойылғанға дейін шұғыл түрде тоқтатады және тиісті иегердің электрондық поштасына хабарлама жібереді.

Интернет-ресурстың және (немесе) ақпараттық жүйенің ВКС АЖ-мен ақпараттық өзара іс-қимылын қайта бастау ВКС АЖ операторы осы интернет-ресурс және (немесе) ақпараттық жүйе иесінен түзету іс-шараларының сәтті өткізілгені және (немесе) ақпараттық қауіпсіздік оқиғасының толық жойылғаны туралы хабарлама алғаннан кейін жүргізіледі.

50. Ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізілген және тиісті оң қорытынды алған жобалау құжаттамасын (сметалық бөлімсіз) беру мақсатында ВКС АЖ Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен интеграцияланады.

Портал арқылы электрондық нысанда ведомстводан тыс кешенді сараптамаға ұсынылған жобалау құжаттамасы ғана (сметалық бөлімсіз) беруге жатады.

Беру аталған жобалау құжаттамасына құқық иеленушілердің келісімімен ғана жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына берілетін жобалау құжаттамасына, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзгеше көзделмесе, құпиялылықты сақтау мен қызметтік және коммерциялық құпияны қамтамасыз ету бойынша тиісті талаптар қолданылады.

#### **4-тарау. Ақпараттық жүйелерге (портал және ВКС АЖ) техникалық қызмет көрсету**

##### **1-параграф. Оқиғалардың (техникалық істен шығудың) сыныптамасы**

51. Ақпараттық жүйелерге (портал және ВКС АЖ) техникалық қызмет көрсету мақсатында оқиғалардың (техникалық істен шығудың) мынадай сыныптамасы белгіленеді:

1) ақпараттық жүйе операторына байланысты:

ақпараттық жүйе операторы қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінің салдары;

ақпараттық жүйедегі ақпаратқа рұқсатсыз әсер етуге әкелген, ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етпеу салдары;

ақпараттық жүйе операторының немесе оның қызметкерлерінің кінәсі бойынша ақпараттық жүйенің және (немесе) оның құрамдауыш бөліктерінің физикалық зақымдалуы салдары;

2) ақпараттық жүйе операторына байланысты емес:

үшінші тұлғалардың кінәсінен ақпараттық жүйенің және (немесе) оны құрайтындардың физикалық зақымдалуы және (немесе) өшу салдары;

ақпараттық жүйенің коммуникациялық жабдығының жұмысын тоқтатуды тудыратын ықтимал жаппай сыртқы шабуылдардан ақпараттық жүйенің қол жетімсіздігі салдары;

ақпараттық жүйені пайдаланушылар немесе қатысушылар ақпараттық жүйеге қосылу үшін пайдаланатын деректерді беру желілерінің және (немесе) электр энергиясының болмауы не кепілдендірілген жұмысқа қабілеттілігінің бұзылуы салдары;

ақпараттық жүйемен толыққанды жұмыс істеуге мүмкіндік бермейтін ақпараттық жүйені пайдаланушының компьютерлік техникасында бағдарламалық-техникалық шектеулердің және күйге келтірудің болуы, сондай-ақ қажетті бағдарламалық-техникалық мүмкіндіктердің болмауы салдары;

ақпараттық жүйенің зақымданған файлды немесе файлдар мұрағатын орналастыру мүмкіндігін автоматты түрде бұғаттауына байланысты ақпараттық жүйені пайдаланушының жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтін зиянды бағдарламалық қамтамасыз етумен ақпараттық жүйені пайдаланушының компьютерлік техникасының зақымдануы салдары;

ақпараттық жүйені пайдаланушының ақпараттық жүйемен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықтарды тиісінше сақтамау салдары;

ЭЦҚ кілтін сақтау қағидаларын және есепке алу деректерін (логин және пароль) сақтау, ақпараттық жүйені пайдаланушының ЭЦҚ кілтін тиісті өкілеттігі жоқ үшінші тұлғаларға беруі салдары.

## **2-параграф. Техникалық істен шығудың туындауы туралы ақпарат көздері**

52. Мыналар техникалық істен шығудың туындауы туралы ақпарат көздері болып табылады:

ақпараттық жүйені пайдаланушылардың хабарламасы;

ақпараттық жүйе операторының ақпараттық жүйенің жұмыс істеуіне мониторингті орындайтын оператор мамандарының хабарламасы;

техникалық істен шығу байқалған ақпараттық жүйе функционалының жұмыс қабілеті мен қолжетімділігін айқындау үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйенің ақауларын мониторингілеу және анықтау бойынша бағдарламалық-ақпараттық құралдардың деректері;

техникалық істен шығудың туындауы немесе туындау ықтималдығы туралы куәландыратын жазбалар тіркелетін ақпараттық жүйенің жүйелік журналдарының деректері.

## **3-параграф. Ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде техникалық істен шығу туындаған жағдайда пайдаланушылардың, операторлардың, маман операторлардың іс-әрекеттері**

*ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019.16.08. № 648 бұйрығымен 53-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

53. Техникалық істен шығу туындаған кезде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) ақпараттық жүйені пайдаланушы техникалық істен шығу анықталған сәттен бастап бір сағаттан кешіктірмей ақпараттық жүйеде көрсетілген электрондық пошта арқылы ақпараттық жүйе операторына хабарлайды.

Операторға жүгіну кезінде ақпараттық жүйені пайдаланушы заңды тұлғаның атауын немесе жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), тиісті бизнес-сәйкестендіру нөмірін немесе жеке сәйкестендіру нөмірін және байланыс деректерін, техникалық істен шығу анықталған күн мен уақытты (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша), растайтын құжаттарды (бар болса) қоса бере отырып техникалық істен шығу сипаттамасын хабарлайды.

Техникалық істен шығу туралы ақпаратты электрондық пошта бойынша жіберу мүмкін болмаған жағдайда ақпараттық жүйені пайдаланушы оның операторын бір сағаттан кешіктірмей ақпараттық жүйеде көрсетілген телефон арқылы хабардар етеді;

2) ақпараттық жүйе операторының маманы ақпараттық жүйенің жұмысында немесе конфигурациясында стандартты жұмыс істеуге сәйкес келмейтін өзгерістерді анықтаған жағдайда, ақпараттық жүйенің техникалық істен шығуының туындауы туралы пайдаланушылардың өтініштерін есепке алу журналында (бұдан әрі - Есепке алу журналы) техникалық істен шығудың туындаған күні мен уақытын тіркейді.

Ақпараттық жүйе операторының маманы пайдаланушымен оның өтініш білдіру тәсіліне байланысты (телефон, электрондық пошта арқылы) өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік сараптама ұйымының ВКС АЖ мен портал операторлары мамандарының пайдаланушылардың өтініштерін қабылдауы жұмыс күндері Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 12.30-дан 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүргізіледі.

Басқа ВКС АЖ пайдаланушыларына техникалық қолдау көрсету кестесін олардың операторлары олардың жұмыс уақытына байланысты белгілейді және тиісті ВКС АЖ-да көрсетеді.

*ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019.16.08. № 648 бұйрығымен 54-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

54. Ақпараттық жүйе операторының мамандары пайдаланушылардың өтініштерін Есепке алу журналына Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс уақытында отыз минут ішінде тіркейді.

Пайдаланушының техникалық істен шығу туралы өтініші Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша түскі үзіліс кезінде электрондық пошта бойынша түскен жағдайда, оператор хабарламаны түскі үзілістен кейін отыз минут ішінде тіркейді.

Пайдаланушының техникалық істен шығу туралы өтініші Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыстан тыс уақытта электрондық пошта бойынша түскен жағдайда, оператор хабарламаны келесі жұмыс күні тіркейді.

Есепке алу журналын операторлар пайдаланушылардың өтініштерін есепке алу жөніндегі оператордың ақпараттық жүйесінде электрондық түрде жүргізеді.

55. Өтініш тіркелгеннен кейін оператордың ақпараттық жүйесінде пайдаланушылардың өтініштерін есепке алу жөніндегі оқиғаның бірегей сәйкестендіргіші беріледі және бір сағат ішінде пайдаланушының электрондық поштасына (бар болса) жіберіледі.

*ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019.16.08. № 648 бұйрығымен 56-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)*

56. Техникалық істен шығу туралы ақпарат болған кезде оператор Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша жұмыс уақытының екі сағаты ішінде алынға ақпаратқа немесе ұсынылған материалдарға (экран түсірілімдері мен өзге де ұсынылған электрондық құжаттарға) талдау жүргізеді, қажет болған жағдайда ақпараттық жүйенің техникалық істен шығу фактісін растау немесе теріске шығару мақсатында техникалық істен шығуға әкеп соғатын іс-қимылын қайталайды (имитациялайды).

57. Ақпараттық жүйе операторының маманы қажет болған кезде пайдаланушыдан қосымша ақпаратты сұратады.

Ақпараттық жүйені пайдаланушы сұрау салынған сәттен бастап 2 сағат ішінде қосымша ақпаратты ұсынбаған кезде ақпараттық жүйе операторының маманы пайдаланушының осы тіркелген өтінішіне аяқталу мәртебесін береді және бұл туралы электрондық пошта бойынша (бар болса) пайдаланушыға хабарлайды.

58. Техникалық істен шығу теріске шығарылған кезде оператор отыз минут ішінде ақпараттық жүйеде техникалық істен шығудың теріске шығарылғандығы туралы фактілердің болуы расталғаннан кейін растайтын ақпаратпен қоса бұл туралы пайдаланушыға электрондық поштасы (бар болса) бойынша хабарлайды.

#### **4-параграф. Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу тәртібі және жұмыстың техникалық істен шығуы расталған жағдайда операторлардың іс-әрекеттері**

59. Ақпараттық жүйе операторы техникалық істен шығуды растаған кезде оның күрделілік деңгейі белгіленеді.

60. Техникалық істен шығу ақпараттық жүйенің бағдарламалық-аппараттық кешенінің жұмыс істеуіне және электрондық өтінімді беру және қарау рәсімдеріне ықпал ету дәрежесі бойынша мынадай күрделілік деңгейлеріне бөлінеді:

1) төмен - электрондық өтінімді қабылдау, тіркеу және қарау бойынша рәсімдерді өткізуге кедергі келтірмейтін істен шығу;

2) орташа - ақпараттық жүйені пайдаланушылардың алдыңғы жұмыстарының нәтижесіздігіне әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соқтырған техникалық істен шығу әсеріне ұшыраған бір немесе бірнеше ақпараттық жүйені пайдаланушыда электрондық өтінімді беру немесе қарау мүмкіндігінің болмауына әкелген істен шығу;

3) жоғары - барлық ақпараттық жүйені пайдаланушыларда өтінімді беру немесе қарауға қабылдау мүмкіндігі болмайтын, ақпараттық жүйенің бір немесе одан да көп компонентінің тоқтауын немесе қол жетімсіздігін тудыратын істен шығу және (немесе) оқиғалар.

61. Төмен күрделілік деңгейі бар техникалық істен шығу туындаған жағдайда, ақпараттық жүйе операторы мынадай іс-шараларды орындайды:

1) техникалық істен шығу расталған сәттен бастап отыз минут ішінде техникалық қолдауға жүгінген пайдаланушыға электрондық пошта бойынша техникалық істен шығудың күрделілік деңгейі, техникалық істен шығуды жоюдың жоспарлы уақыты мен күні туралы хабарлайды.

Мұндай ақпарат өзгерген жағдайда ақпараттық жүйені пайдаланушыға қайта хабарлайды;

2) техникалық істен шығу себептерін жоюға дереу кіріседі;

3) техникалық істен шығу жойылғаннан кейін техникалық қолдауға жүгінген пайдаланушыға электрондық пошта бойынша жұмыс жүргізудің аяқталғаны және техникалық істен шығудың жойылғаны туралы қайта хабарлайды.

62. Орташа күрделілік деңгейі бар техникалық істен шығу туындаған жағдайда оператор мынадай іс-шараларды орындайды:

1) техникалық істен шығу расталған сәттен бастап отыз минут ішінде техникалық қолдауға жүгінген пайдаланушыға электрондық пошта бойынша техникалық істен шығудың күрделілік деңгейі, техникалық істен шығуды жоюдың жоспарлы уақыты мен күні, техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінімді берумен немесе қараумен байланысты рәсімдердің мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

Мұндай ақпарат өзгерген жағдайда ақпаратты қайта орналастырады;

2) техникалық істен шығу расталған сәттен бастап бір сағат ішінде техникалық қолдауға жүгінген пайдаланушыға, сондай-ақ қажет болған кезде техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінімді беруге және (немесе) қарауға қатысатын барлық пайдаланушыларға (портал пайдаланушысы, портал операторы, ВКС АЖ операторы, ВКС АЖ пайдаланушы) электрондық пошта бойынша техникалық істен шығудың күрделілік деңгейі, техникалық істен шығуды жоюдың жоспарлы уақыты мен күні, техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінімді берумен немесе қараумен байланысты рәсімдердің мерзімін ұзарту туралы хабарлайды.

Осы ақпарат өзгерген жағдайда техникалық қолдауға жүгінген пайдаланушыға, сондай-ақ техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінімді беруге және (немесе) қарауға қатысатын барлық пайдаланушыларға (портал пайдаланушысы, портал операторы, ВКС АЖ операторы, ВКС АЖ пайдаланушы) қайта хабарлайды;

3) техникалық істен шығу расталған сәттен бастап техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінімді берумен немесе қараумен байланысты рәсімдердің уақытын техникалық істен шығу кезеңіне ұзартады;

4) техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінім бойынша, сондай-ақ ұқсас техникалық істен шығу анықталған жағдайда басқа электрондық өтінімдер бойынша техникалық істен шығуды жоюға кіріседі;

5) техникалық қолдауға жүгінген пайдаланушыға, сондай-ақ қажет болған кезде техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінімді беруге және (немесе) қарауға қатысатын барлық пайдаланушыларға (портал пайдаланушысы, портал операторы, КВС АЖ операторы, КВС АЖ пайдаланушы) электрондық пошта бойынша техникалық істен шығудың күрделілік деңгейі, техникалық істен шығуды жоюдың жоспарлы уақыты мен күні, техникалық істен шығу туындаған электрондық өтінімді берумен немесе қараумен байланысты рәсімдердің мерзімін ұзарту туралы қайта хабарлайды.

63. Жоғары күрделілік деңгейі бар техникалық істен шығу туындаған жағдайда оператор мынадай іс-шараларды орындайды:

1) техникалық істен шығу расталған сәттен бастап ақпараттық жүйенің тиісті компонентіндегі техникалық істен шығумен сәйкес келген барлық өтінімдерді берумен немесе қараумен байланысты рәсімдерді техникалық істен шығуды жою үшін қажетті уақытқа ұзартады;

2) техникалық істен шығу расталған сәттен бастап отыз минут ішінде пайдаланушыларға ақпараттық жүйеде техникалық істен шығу, оны жоюдың жоспарлы уақыты мен күні туралы ақпаратты орналастыру жолымен хабарлайды.

Мұндай ақпарат өзгерген жағдайда ақпараттық жүйені пайдаланушыларға қайта хабарлайды;

3) электрондық өтінімді беру немесе қарау мерзімдерін техникалық істен шығу кезеңіне ұзартады;

4) техникалық істен шығуды жоюға кіріседі;

5) ақпараттық жүйеде техникалық істен шығуды жоюдың нақты күні мен уақыты, өтінімді берумен немесе қараумен байланысты рәсімдерді ұзарту фактісі туралы ақпаратты орналастыру арқылы пайдаланушыларға техникалық істен шығудың жойылғаны туралы қайта хабарлайды.

64. Төтенше немесе еңсерілмейтін күштер жағдайларында ВКС АЖ операторы өтінімді берумен немесе қараумен байланысты рәсімдерді аталған жағдайлар созылған уақыт (күн) санына ұзарту туралы шешім қабылдайды.

65. Ақпараттық жүйені пайдаланушылардың іс-әрекеттерінде қылмыстық және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілері анықталған жағдайда, оператор құқық қорғау органдарына немесе қылмыстық және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға ақпарат жібереді.

66. Ақпараттық жүйенің жұмыс істеуінде істен шығу болған жағдайда ВКС АЖ операторы қажет болған кезде бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету бойынша тиісті жоғары білікті мамандарды тартады.

## **5-параграф. Оператордың жоспарлы-профилактикалық жұмыстарды жүргізуі кезінде ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу тәртібі**

67. Ақпараттық жүйе (портал немесе ВКС АЖ) операторы техникалық және профилактикалық іс-шараларды (оның ішінде жоспардан тыс), техникалық істен шығуларды жою жөніндегі іс-шараларды жүргізуге арналған іс-шараларды, сондай-ақ еңсерілмейтін күштер жағдайларының туындауымен байланысты үзілістерді қоспағанда, ақпараттық жүйенің тәулік бойы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

68. Ақпараттық жүйеде техникалық және профилактикалық жұмыстарды жүргізу ағымдағы жылдың қаңтарының бірінші онкүндігінде бекітілген және ақпараттық жүйеде жарияланған техникалық және профилактикалық жұмыстарды жүргізу жөніндегі жұмыстардың жоспары негізінде жүзеге асырылады.

*ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019.16.08. № 648 бұйрығымен 69-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))*

69. Ақпараттық жүйеде техникалық және профилактикалық жұмыстар жүргізген кезде ақпараттық жүйе операторы оны пайдаланушыларға және интеграцияланған интернет-ресурстардың және (немесе) ақпараттық жүйелердің иелеріне техникалық және профилактикалық жұмыстарды жүргізуге дейін күнтізбелік 2 күн бұрын ақпараттық жүйеге тиісті ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.

Техникалық және профилактикалық жұмыстар өздігінен түнгі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 21:00-ден 6:00-ге дейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері жүргізіледі.